# "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2023 жылғы 6 желтоқсандағы № 616 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандартында:

3-кәсіптер карточкасында: Білім саласындағы оқытушы, профессордың ассистенті, ЖЖОКБҰ:

"

| | | |
|---|---|---|
| 1-еңбек | 1-дағды | Біліктер:<br>1. студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттарын ескере отырып магистратура мен докторантурада оқу сабақтарын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу;<br>2. білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу;<br>3. цифрлық технологияларды пайдалана отырып, магистратура және докторантура білім алушыларымен кері байланыс орнату. |
| | | Білімдер:<br>1. ЖЖОКБҰ-да білім беру-ғылыми процесті жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі талаптары; |

| | | |
|---|---|---|
| функциясы: Оқыту | Білім алушылардың академиялық құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету | 2. студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттары, оқытылатын пәндердің мазмұны;<br>3. білім берудегі инновациялар. |
| | 2-дағды<br>Білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету | Біліктер:<br>1. оқу сабақтарын жоспарлауда, ұйымдастыруда және өткізуде мамандық ерекшелігін (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің даярлау бағыты бойынша) ескеру;<br>2. мамандықтағы инновацияларды оқу процесіне экстраполяциялау ( жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша). |
| | | Білімдер:<br>1. практика бағытталған оқыту әдістері мен технологиялары;<br>2. мамандық саласындағы қазіргі үрдістер (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша). |

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 1-еңбек<br>функциясы: Оқыту | 1-дағды<br>Білім алушылардың академиялық құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету | Біліктер:<br>1. студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттарын ескере отырып, оқу сабақтарын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу;<br>2. білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу;<br>3. цифрлық технологияларды пайдалана отырып білім алушыларымен кері байланыс орнату. |
| | | Білімдер:<br>1. ЖЖОКБҰ-да білім беру-ғылыми процесті жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі талаптары;<br>2. студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттары, оқытылатын пәндердің мазмұны;<br>3. білім берудегі инновациялар. |
| | | Біліктер: |

| | | |
|---|---|---|
| | 2-дағды<br>Білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету | 1. оқу сабақтарын жоспарлауда, ұйымдастыруда және өткізуде мамандық ерекшелігін (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің даярлау бағыты бойынша) ескеру;<br>2. мамандықтағы инновацияларды оқу процесіне экстраполяциялау ( жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша). |
| | | Білімдер:<br>1. практика бағытталған оқыту әдістері мен технологиялары;<br>2. мамандық саласындағы қазіргі үрдістер (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша). |

";

жол:

"

| | | |
|---|---|---|
| 3-еңбек функциясы:<br>Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру | 1-дағды<br>ЖЖОКБҰ макропроцестерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету | Біліктер:<br>1. бакалавриат пен магистратурада сабақтардың барлық түрлерін, сондай-ақ докторантурада дәрістерден басқа оқу сабақтарын өткізу кезінде пәндік салада психологиялық-педагогикалық білім мен білімді интеграциялауды қамтамасыз ету;<br>2. оқу процесінде ғылыми-әдістемелік өнімді әзірлеу және қолдану;<br>3. жас оқытушыларға тәлімгерлікті жүзеге асыру. |
| | | Білімдер:<br>1. жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілер (оның ішінде Ұлттық біліктілік жүйесі);<br>2. еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын дамыту және жетілдіру тетіктері;<br>3. заманауи және инновациялық ( оның ішінде цифрлық) оқыту технологиялары. |

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 3-еңбек функциясы: Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру | 1-дағды ЖЖОКБҰ макропроцестерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету | Біліктер:<br>1. оқу сабақтарын өткізу кезінде пәндік салада психологиялық-педагогикалық білім мен білімді интеграциялауды қамтамасыз ету;<br>2. оқу процесінде ғылыми-әдістемелік өнімді әзірлеу және қолдану;<br>3. жас оқытушыларға тәлімгерлікті жүзеге асыру. |
| | | Білімдер:<br>1. жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілер (оның ішінде Ұлттық біліктілік жүйесі);<br>2. еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын дамыту және жетілдіру тетіктері;<br>3. заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) оқыту технологиялары. |

";

4-кәсіптер карточкасында: Білім саласындағы оқытушы, қауымдастырылған профессор (доцент), ЖЖОКБҰ:

"

| | | |
|---|---|---|
| | 1-дағды Білім алушылардың академиялық құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету | Біліктер:<br>1. студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттарын ескере отырып, оқу сабақтарын (дәрістерден басқа) ұйымдастыру және өткізу;<br>2. білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу;<br>3. цифрлық технологияларды пайдалана отырып магистратура және докторантура білім алушыларымен кері байланыс орнату. |
| | | Білімдер: |

| | | |
|---|---|---|
| 1-еңбек функциясы: Оқыту | | 1. ЖЖОКБҰ-да білім беру-ғылыми процесті жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі талаптары;<br>2. студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттары, оқытылатын пәндердің мазмұны;<br>3. андрогогиканың теориясы мен әдістемесі. |
| | 2-дағды<br>Білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету | Біліктер:<br>1. оқу сабақтарын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуде мамандық ерекшелігін (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша) ескеру;<br>2. мамандықтағы инновацияларды оқу процесіне экстраполяциялау ( жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша). |
| | | Білімдер:<br>1. практика бағытталған оқыту әдістері мен технологиялары;<br>2. мамандық саласындағы қазіргі үрдістер (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша). |

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| | 1-дағды<br>Білім алушылардың академиялық құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету | Біліктер:<br>1. студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттарын ескере отырып, оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу;<br>2. білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу;<br>3. цифрлық технологияларды пайдалана отырып білім алушыларымен кері байланыс орнату. |
| | | Білімдер:<br>1. ЖЖОКБҰ-да білім беру-ғылыми процесті жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі талаптары; |

| | | |
|---|---|---|
| 1-еңбек функциясы: Оқыту | | 2. студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттары, оқытылатын пәндердің мазмұны;<br>3. андрогогиканың теориясы мен әдістемесі. |
| | 2-дағды<br>Білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету | Біліктер:<br>1. оқу сабақтарын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуде мамандық ерекшелігін (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша) ескеру;<br>2. мамандықтағы инновацияларды оқу процесіне экстраполяциялау ( жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша). |
| | | Білімдер:<br>1. практика бағытталған оқыту әдістері мен технологиялары;<br>2. мамандық саласындағы қазіргі үрдістер (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша). |

";

5-кәсіптер карточкасында: "Білім саласындағы оқытушы, қауымдастырылған профессор (доцент), профессор, ЖЖОКБҰ:

"

| | | |
|---|---|---|
| | 1-дағды:<br>Білім алушылардың академиялық құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету | Біліктер:<br>1. студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттарын ескере отырып, оқу сабақтарын ( дәрістерден басқа) ұйымдастыру және өткізу;<br>2. білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу;<br>3. цифрлық технологияларды пайдалана отырып магистратура және докторантура білім алушыларымен кері байланыс орнату. |
| | | Білімдер:<br>1. ЖЖОКБҰ-да білім беру-ғылыми процесті жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі талаптары; |

| | | |
|---|---|---|
| 1-еңбек функциясы: Оқыту | | 2. студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттары, оқытылатын пәндердің мазмұны;<br>3. жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің қазіргі заманғы парадигмалары. |
| | 2-дағды:<br>Білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету | Біліктер:<br>1. әлемдік трендтерге сәйкес ( жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағыты бойынша) білім беру процесіне педагогикалық инновацияларды енгізу;<br>2. мамандықтағы инновацияларды оқу процесіне экстраполяциялау ( жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша). |
| | | Білімдер:<br>1. практика бағытталған оқыту әдістері мен технологиялары;<br>2. кәсіп саласындағы қазіргі үрдістер (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша). |

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | |
|---|---|---|
| 1-еңбек | 1-дағды:<br>Білім алушылардың академиялық құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету | Біліктер:<br>1. студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттарын ескере отырып, оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу;<br>2. білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу;<br>3. цифрлық технологияларды пайдалана отырып, білім алушыларымен кері байланыс орнату. |
| | | Білімдер:<br>1. ЖЖОКБҰ-да білім беру-ғылыми процесті жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі талаптары;<br>2. студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттары, оқытылатын пәндердің мазмұны; |

| | | |
|---|---|---|
| функциясы: Оқыту | | 3. жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің қазіргі заманғы парадигмалары. |
| | 2-дағды:<br>Білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету | Біліктер:<br>1. әлемдік трендтерге сәйкес (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағыты бойынша) білім беру процесіне педагогикалық инновацияларды енгізу;<br>2. мамандықтағы инновацияларды оқу процесіне экстраполяциялау (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша). |
| | | Білімдер:<br>1. практика бағытталған оқыту әдістері мен технологиялары;<br>2. кәсіп саласындағы қазіргі үрдістер (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді даярлау бағыты бойынша). |

";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорын): Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Сырымбетова Ляйля Саркытқызы – 8 701 552 38 87, Astana IT University, Өмірбаев Серік Мәуленұлы - 8 717 264 57 28, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Нарбекова Бану Мұқатайқызы - 8 727 293 81 53, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Жұманқұлова Еркын Нұрсағатқызы - 8 727 237 00 12.".

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғанан кейін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің оны интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы*
*Ғылым және жоғары білім*
*министрінің міндетін атқарушы* *Т. Ешенқұлов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК